

Костанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Костанай қаласы білім бөлімінің №40 бебекжай»
Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

«Балаларға жол жүру ережесін үйретейік»

«Балдырган» ересек тобы



Тәрбиешісі: Габдуалиева М.А

2023-2024 оқу

«Балаларға жол жүру ережесін үйретейік»

Максаты: Бағдаршам және жолда жүру ережелері туралы түсініктерін одан әрі кеңейту. Жаяу жүргіншілер жолы жол жиегіндегі жол, тротуар жол киылсы, медициналық көмек пункті белгілерімен таныстыру. Көлік ішінде басқаларға кедергі жасамай тәртіп сақтауға үйрету.

Қоғам үшін баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі- ең басты байлық . Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда жолда жүру ережелеріне үлкен көніл бөлінуде. Статистика бойынша, өкінішке орай , жол апаттары көптеп болуда. Сонын ішінде балалардың жол апатына душар болуы жоғары көрсеткішті көрсетеді.

Сол себепті балалардың өмірінің қауіпсіздігі дағдыларын мектепке дейінгі кезенде қалыптастыру қажет. Жол заны дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетіні салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбірулер машина деңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жаракат алады. Кейбіреулері өмірлік мүтедек болып қалады. Балалар жолда жүру занын сіз бен бізден үйренеді. Балалар үлкендердің жүріс-тұрысының жаксы жағын да, жаман жағын да қабылдайды. Көп жағдайда балалар жолда жаракат алып, түрлі жағдайға үшірап жататыны көлік жүргізушілерінің ғана кінесінен емес, ол көбінесе балалардың жол жүру ережесін білмегендіктен болады. Балаларға жолда жүру ережелерін үйретіп, үнемі оған үлгі көрсетіп және жүріс-тұрысын қадағалап, балаларды көшеде болатын қауіпті жағдайлардан сактандыру әрбір ата-ананың міндеті.

Мектеп және мектепке дейінгі мекемелерде балаларға арнап «Жолда жүру ережесі» тақырыбында оқу іс-әрекеттері және түрлі шаралар ұйымдастырылып өткізіледі. Сондықтан әрбір бала үйретілетін «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы іс-әрекетті мүқият тындалап, өткізілген іс-әрекеттен қорытындыжасап отыруға міндетті. Балаларды жолда жүру ережелерімен таныстыру мақсатында ойындар, әнгімелер, серуен кезіндегі ойын турлері, конкурстар, сұрақ-жауаптарды кеңінен қолдану, балалардың жол ережесі туралы түсініктерінің қалыптасуы мен білімдерінің жетілуіне көмектеседі.

Балаларды жол жүру ережелеріне үйрету- ата-ана мен үлкендердің тұрақты, үздіксіз жұмысы. Бағдаршам белгілерімен, жолда жүру ережелерімен, жаяу жүргіншілер жолы, кеше жиегіндегі жолдармен (тротуармен) таныстыруды жүзеге асыру кезделген. Балалар өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін , оларды жол жаракаттарынан сақтау үшін алдымен жолда, көшеде жүру ережелерін, жолда жүру

тәртібін үйретуіміз керек. Үйде ата-ана, мектепке дейінгі үйымда балабақша тәрбиешілері бірлесіп, балаларға жол ережелері туралы үйретер болсак, балалар жол апатының алдын алар едік.

Құрметті ата-аналар мен ересектер!

Балалық жол-көлік жаракаттары ең ауыр, бірақ олармен балаларды коркытуға болмайды. Ұлкендердің мақсаты-көшедегі тәртіп ережелерін баласына үйрету және олар үшін өнеге болу.

Есте сактаныз:

Кішкентай жүргіншілер жақсы мен жаманды ұлкендерден үйренеді. Сондыктan әрқашан және барлық жерде қызу қозғалыстағы қала көшелерінде, тар ауыл аралық жолда «Жол қозғалыс ережелерін» сактаныз.

Білгеніміз жән!

Балалардың жол үстінде кайғылы оқиғаларға ұшырауының негізгі себебі-жол қозғалысының карапайым ережелерін сактамау болып табылады. Өз қауіпсіздігін үшін мына ережелерді мықтап есте сакта!

- Жүріп бара жатқан автобус не маршруттық таксиде барлық кезде тұтқадан ұстап тұр.
- Ролик, велосипед және скейтборд тәркенде мұқият және абай бол.
- Жолдың арғы бетіне тек бағдаршам тұрған немесе жаяу жүргінші өтетін жерден өт.
- Тек қана бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана жолдан өт.
- Жүріп бара жатқан көлік алдынан кесіп өтпе.
- Жолдың көлік жүретін белгінде ойнама.
- Егер жаяу жүргінші жүретін жол жоқ болса, онда көлік қозғалысына қарама-қарсы жолдың оң жағымен жүр.

- Балалар, жол деген не?

«Жол» деген сөздің өзі көлік құралдары мен жүргіншілер қозғалатын аумақ үғымын қамтиды. Бұл қалалар мен елді мекендер, олардан тыс жерлердегі жолдар, көшелер мен бұрылыстар.

Жол көліктер мен жаяу жүргіншілерге арналған деп екіге бөлінеді.





Жаяу адамның міндеттері.

1. Жаяулар тратуардың немесе жаяу жолдың оң жағымен, ал олар болмаса, жол жиегімен немесе велосипед жолымен жүруі тиіс.
2. Жолдан өтіп бара жатқанда жаяулап себепсіз кедергі немесе тоқтап қалмауы тиіс. Қошаден өтпес бұрын алдымен сол жаққа, ал қошенің ортасына жеткенде оң жаққа қарау керек.
3. Жарқылдақ маягі және арнаулы дыбыс белгісі қосылған көлік жақындағанда жаяулар жолдан өтпей тоса тұруы керек.
4. Қаранғыда жүргізуілер көлік айдап бара жатқанда, жаяу адамдар үстіне жарық қайтарғыш тағып алу керек.





Балалар! Жол бойындағы сзықтар мен белгілерді «**Жол белгілері**»

деп атایмыз.

Біз үнемі тротуармен жүре бермейміз. Кошеден отетін кезде қалай өтеміз?

Біз кошеден тек жаяу жүргіншілер отпесі арқылы отуіміз керек. Оны «**Зебра**» (жолак жол) деп атайды.

Жол жиегінің бойындағы
капталдар не? Бұл – жол
жиегі мен тротуар аралығын
боліп тұру үшін қаланған
арнайы тас каптал. Оны
БОРДЮР деп атайды. Бордюр
француз тілінде «бір нәрсөні
жиектеуге арналған жолак»
деген сөз. Кейбір балалар осы
бордюрдің үстімен жүруді
қызық кореді. Ондай
жагдайдан акырын кайтылы
окигана соктыруы мүмкін.



Ойын “Белгілерді тап”



Ойын “Бағдаршамды боя”



Бұл жаяу отудің таңбалары. Олар жолда
әтуге болатын орындарға белгі қояды.
Асфальттегі жолақтың белгісі - «зебра», ол да
жаяу отудің орынның белгісі.



Балдарғандар жолда тек кана артқа көрмін Бірге әту! жо!



Балларды дұрыс жой!



Уәде! Өзіндердің жаңы мемлекеттік символдарын жасаңыз! Аның негізгі мәндерін суректаңыз?

**Бағдаршам жаяулар үшін бар.
Адамдарға керек бағытта балауса
сигнал жанады, сонда жолдан өтуге
болады.**




Егер бұл бағытта қызыл жарық жанса, онда жаяу жүргіншілерге жолдан өтуге болмайды.



Жол ережесін білу – бәріне міндет





MyShared



«Абайлаңдар балалар!»



*Жолда жүру ережесін
білеміз бе?*



ЖОЛДА ЖУРУ ЕРЕЖЕСІН ҰМЫТПА!!!




«Қызыл»
түсі жаңғанда
Тоқта!



«Сары»
түсі жаңғанда
Kіdіріс жасаса!



«Жасыл» түсі
жаңғанда
Жүре бер!



tangy_habar

